

## №5 хаттама

“Лауазымға тағайындауға конкурс өткізу туралы”

15.12.2023ж.

Қатысқандар: 7

### Күн тәртібінде:

1. “№10 жалпы білім беретін орта мектебі” КММ мұғалімдерді жұмысқа қабылдауға конкурс өткізу туралы

“№10 ЖББОМ” КММ-де Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №259 және Қазақстан Республикасы Премьер- Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 16 тамыздағы №343 бірлескен бұйрығы 05.12-13.12.2023ж. (7 жұмыс күні ішінде) жұмыспен қамту орталығының "[enbek.kz](http://enbek.kz)" сайтына, мектептің "[mektap10-aktobe.edu.kz](http://mektap10-aktobe.edu.kz)" ресми сайтына және "[aktobe10mektap](http://aktobe10mektap)" инстапарақшасы арқылы педагогтерді бос және уақытша бос лауазымға қабылдау қажеттілігі бойынша конкурс жарияланды.

Педагогтерді бос және уақытша лауазым орнына жұмысқа қабылдау үшін төмендегідей комиссия құрылды.

Комиссия төрайымы - Г.Иманова

Мүшелері:

1. С.Жанетова - "Ақтөбе қаласының білім бөлімі" ММ-сі, бас маман
  2. Ж.Мухамбетова – ардагер ұстаз
  3. М.Батыргалиева - кәсіподақ төрайымы
  4. Н.Ельбаева - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
  5. С.Бакиева- директордың бастауыш кластар ісі жөніндегі орынбасары
  6. Г.Кайсарова - директордың әдістеме ісі жөніндегі орынбасары
- Ж.Назбекова-конкурс комиссиясының хатшысы

Педагогтерді бос және уақытша лауазым орнына жұмысқа тарих пәні мұғалімі 16 сағат (бос орын -1 бірлік) қажеттілігі бойынша конкурс жарияланған болатын. Конкурсқа 3 адам өтініш білдірді.

Конкурсқа педагогтер Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін және осы Қағидалардың **154-тармағында** көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттарын тапсырды.


ҚББ бекітілген бас маман С.Жанетова, Ж.Мухамбетова денсаулықтарына байланысты қатыса алмайтындығын ескертті. Қалған комиссия мүшелері тарих пәні бойынша келіп түскен өтініштер мен құжаттарды қабылдап, берілген талаптар бойынша тексеру жұмысын тиінақты орындады. А.Сейтенова-28 балл, Г.Назарбаева-22 балл, Г.Садыкова-11балл.





16-қосымшаға сәйкес толтырылған бағалау парағынан (құжаттары сәйкес емес, толық емес, дәлелдемелері жоқ) төмен балл жинаған кандидаттарға құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы (4-қосымша) қолхат берілді.

### Комиссия отырысының шешімі:

1. Тарих пәні -16 сағат (бос орын-1 бірлік) орынға 33 жыл еңбек өтілі бар, педагог-зерттеуші, 28 баллмен А.Сейтенова қабылдансын.

**Ұсыныс:** 2023-2024 оқу жылында конкурсқа ниет білдірген кандидаттарға Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №259 және Қазақстан Республикасы Премьер- Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 16 тамыздағы №343 бірлескен бұйрығы. **154-тармақта көрсетілген тізбеге** сәйкес құжаттармен толық жұмыстану ескертілсін;

Төрағасы  Г.Иманова

Комиссия мүшелері  М.Батыргалиева  
 Н.Ельбаева  
 С.Бакиева  
 Г.Кайсарова

Хатшы  Ж.Назбекова